

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
6B017 - ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

21.10.2022 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, АК мүшесі, академиялық персонал – У.Раметова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі –М. Жанзакова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу;
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу;
3. Қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

С.Бейсембаева, АК төрағасы: Құрметті академиялық комитет мүшелері, күн тәртібіндегі АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылының Академиялық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу, Университет түлектерінің моделін әзірлеу, Қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша ой-пікірлеріңізді айтып, ортаға сала отырыңыздар.

АК мүшесі, академиялық персонал PhD М.Сейтова: *Бірінші мәселеге* тоқталсам, Академиялық кеңес ұйымдастырылып, 6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша АК ережесі және сол ережеге сүйеніп жасалған жұмыс жоспары таныстырылды.

Келесі сөз кезегін АК мүшесі Г.Қ.Жылқыбай алып: *екінші мәселе* туралы өз ойымды айтсам, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының қарқынды жүруі – білім берудегі құндылықты бағдардың өзгеруі, заманауи білім беру үдерісіне қызығушылық танытқан түрлі субъектілердің талаптары мен қызығушылықтарына жауап беретін, бәсекеге қабілетті, құзыретті маман даярлауда жоғары білім беру жүйесін жетілдіру қажеттігін алға шығарғым келіп отыр. Заманауи мектептердегі ұйымдастырушылық, басқарушылық дағдыларын қалыптастыру керекпіз. Бүгінгі мына өзгермелі қоғамда, ақпараттық-коммуникациялық технологияның дамыған заманында кадр нарығы мамандардан жан-жақты әмбебап біліктілік пен білім-білігін тәжірибеде қолдана алатын іскерлікті, технология мен әдіс-тәсілдердің озық үлгілерін меңгеруді талап етеді. Бұл ретте кафедра жұмыс берушілермен тығыз байланыс жасап, тәжірибелі тіл және әдебиет мамандарымен әріптестік орнатуы – заман талабы.


АК төрайымы, С.Бейсембаева: *Үшінші мәселе* бойынша, Құрметті АК мүшелері, қазан айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды. АК жоспары бекітуге ұсынылып, құрамы бекітілді, төрайымы сайланды, одан бөлек АК ережесі бекітіліп, танысу парағына қол қойылды. Алдағы уақытта жоспар бойынша жұмыстар одан әрі

жүргізіледі, ауқымды істерді бірлесе отырып жасасақ, барлық жұмыс өз шешімін табады деп ойлаймын.

ШЕШІМ:


1. «6B017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылының АҚ жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. Кадр даярлау нарығына жүргізілген талдау жұмыстары қанағаттанарлық болып табылсын.
3. Қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қанағаттанарлық болып есептелсін.

Мәжіліс төрағасы:



С. Бейсембаева

Хатшысы:



У. Раменова